

**"Елеулі маңызды тауарлар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 29 желтоқсандағы № 180 бұйрығына толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Сауда және интеграция министрінің 2023 жылғы 12 сәуірдегі № 138-НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 13 сәуірде № 32293 болып тіркелді

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Елеулі маңызды тауарлар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 29 желтоқсандағы №180 бұйрығына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10953 тіркелген) мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Елеулі маңызды тауарлар тізбесі:

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 148, 149, 150-жолдармен толықтырылсын:

"

|      |         |                                                                                           |
|------|---------|-------------------------------------------------------------------------------------------|
| 148. | 2701    | тас көмір, брикеттер, тас көмірден алынған түйіршіктер және қатты отынның ұқсас түрлері   |
| 149. | 2702    | лигнит немесе гагаттан басқа агломерленген немесе агломерленбеген қоңыр көмір             |
| 150. | 2503 00 | мұздатылған кептірілген, тұндырылған және коллоидты күкірттен басқа барлық түрдегі күкірт |

".

2. Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Сыртқы сауда қызметі департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің орынбасары -  
Сауда және интеграция министрі

С. Жумангарин

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Индустрия және инфрақұрылымдық  
даму министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК